

**"Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы туралы"
облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 шілдедегі № 143 шешіміне өзгерістер енгізу
туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 263 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қаңтарда № 4148 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. «Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 шілдедегі № 143 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3621 тіркелген, 2013 жылғы 6 тамыздағы «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінің № 92 жарияланған), мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасында :

1-тармақта «Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 «Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3455 нөмірімен тіркелді) бұйрығының» сөздері «Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 712 және «Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 10 шілдедегі № 713 қаулыларының » сөздерімен алмастырылсын ;

15-тармақтың 9 абзацы – алынып тасталсын ;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

«25. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдардың жылу желілеріне қосылу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 712 қаулысымен бекітілген, Жылу энергиясын пайдалану қағидаларының 19-21-тармақтарымен белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.»;

27-тармақта «2001 жылғы 30 қаңтардағы» сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың сессия т ө р а ғ а с ы	М. ИТЕҒҰЛОВ С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА
Облыстық мәслихаттың хатшысы	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК